АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

030012, Ақтөбеоблысы, Ақтөбеқаласы, Сәтпаевкөшесі, 8А, тел: +7 (7132) 55-25-30; факс: +7 (7132) 55-25-30; email: 040202@sud.kz

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

030012, Актюбинская область, город Актобе, улица Сатпаева, 8А, тел: +7 (7132) 55-25-30; факс: +7 (7132) 55-25-30; email: 040202@sud.kz

4573-25-5-21/10708

21.10.2025

Хабарламамен!

"Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны
(Ақтөбе облысы, АКТОБЕ, Астана ауданы, Т.Рыскулова көшесі, 267)

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты талап қоюшы «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің жауапкер жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиевты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы азаматтық ісі бойынша шешім көшірмесін және атқару парағын **орындау үшін** жолдайды.

Судья **Жубатова Ж.С**

Орындаған:+7 /7132/ 55-25-21

«АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК
Кіріс № 615
«22» 10 20 25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 8 қыркүйек Іс №1513-25-00-2/1851 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.С.Жұбатова,
сот отырысының хатшысы А.Абдраева отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
- мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
- тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 30 мамыр айында «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны /тапсырыс беруші/ мен жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиев /өнім беруші/ арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде №301 мемлекеттік сатып алу шарт жасалған.

Өнім беруші шарттың №1 қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, жалпы сомасы 62 000 теңгеге келісім шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде дәретханалық қағаздарын сатып алу бойынша жеткізуге міндеттелген.

Сөйтіп, 2025 жылғы 14 маусымға дейін тауарды жеткізуге міндеттелген.

Құжатқа қол қойылған: Жубатова Ж. С., 15.09.2025

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен енгізілген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттемелер орындалмаған.

Келісім шарт 2025 жылғы 11 шілдеде бұзылды.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыппұл 1674 теңге талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Талап қоюшыдан осы талап қоюды олардың қатысуынсыз қарау туралы арыз түсі.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті хабарландырылғанымен жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатысқан жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 6-бөлігінің (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Сотта жауапкермен шарттық міндетін орындамағаны анықталды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік атып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша шарттың орындалмаған міндеттемесі үшін тұрақсыздық айыбы 2025 жылғы 15 маусым бастап - 2025 жылғы 11 шілде айына дейін сұрайды, (62 000 теңге х 0,1% х 27 күн) 1 674 теңге.

Бұл есеп дұрыс, азаматтық заңнамасына сәйкес келеді.

Сөйтіп, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 1 674 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіруге жатады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 50 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиев мемлекеттік сатып алуға рұқсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиевтан жергілікті бюджетке 966 /бір мың тоғыз жүз алпыс алты/ теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиевтан «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 50 /елу/ теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің екінші жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Ж.С.Жұбатова

Көшірме дұрыс:
Судья Ж.С.Жұбатова
Анықтама
Шешім заңды күшіне енді 20.10.2025ж.
Судья Ж.С.Жұбатова

Прошнуровано, пронумеровано

на 11 листах,

на 4 страницах

Судья СМЭ суда Актюбинской области

Кубатов. Ж.С

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Актюбинской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 1513-25-00-2/1851-2

Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәтпаев көшесі, 8А

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 08.09.2025 ж. талап қоюшы

Государственное коммунальное предприятие "Актюбинский Высший политехнический колледж" на праве хозяйственного ведения государственного учреждения "Управление образования Актюбинской области"

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Сәлиев Жәнібек Сметуллаұлы

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жеке кәсіпкер Жәнібек Сметуллаұлы Сәлиевтан «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 50 /елу/ теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 20.10.2025 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1

ıптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз ındалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Ақтөбе облысының мамандандырылған ıанаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен ıматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот ындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады; тапсырыс хатпен олданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған ағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: Государственное коммунальное предприятие "Актюбинский Высший политехнический колледж" на праве хозяйственного ведения государственного учреждения "Управление образования Актюбинской области"

БСН: 181140013637

Тіркеу мерзімі:04.06.2020

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , KZ566010121000054471

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АҚТӨБЕ, АҚТӨБЕ, Т.Рыскулова 267

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АҚТӨБЕ, АҚТӨБЕ, Т.Рыскулова 267

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: ИП Сәлиев

Туған жылы: 08.06.1995

ЖСН: 950608301893

Туған жері: КАЗАХСТАН, ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ, БАЙЗАКСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі 041282153

Банк:"Kaspi Bank" АҚ

ЖСК KZ77722S000044956113

Берілген күні 01.03.2017 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, БАЙЗАҚ АУДАНЫ, Сарыкемерский, Сарыкемер, ПЕРЕУЛОК К.Орынкулов 29

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ЖАМБЫЛ, БАЙЗАҚ АУДАНЫ,

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

удандық және оған теңестірілген соттың дьясы — Жубатова Жанар Суюбаевна

удандық және оларға теңестірілген сот кімшісінің сот отырысының бас маманы – атшысы — Кожагулова Бибигуль Сансызбаевна

Шығарылу күні 20.10.2025 жыл

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Прошнуровано, пронумеровано

на 3 листах,

на 3 страницах

Судья СМЭ суда Актюбинской области

Жубатова Ж.С